

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы аккредиттеудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 23 ақпандағы № 29 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 28 ақпанда № 31967 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 25-бабының 3-тармағына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы кәсіптік қауымдастықты аккредиттеу" және "Жеке және заңды тұлғаларды санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға аккредиттеу" мемлекеттік қызметтерін көрсету қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

А. Ғиният

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы кәсіптік қауымдастықты аккредиттеу" және "Жеке және заңды тұлғаларды санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға аккредиттеу" мемлекеттік қызметтерін көрсету қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы кәсіптік қауымдастықты аккредиттеу" және "Жеке және заңды тұлғаларды санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға аккредиттеу" мемлекеттік қызметтерін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы кәсіптік қауымдастықты аккредиттеу" және "Жеке және заңды тұлғаларды санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға аккредиттеу" мемлекеттік қызметтерін көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жеке және заңды тұлғаларды санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға аккредиттеу – халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы кәсіптік қауымдастық аккредиттеген жеке және заңды тұлғалардың санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу жөніндегі жұмыстарды орындау құзыреттілігін ресми тану рәсімі;

2) КҚ қағидалары – КҚ және оның мүшелерінің (қатысушыларының) қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайтын құжат;

3) КҚ стандарты – КҚ мүшелерінің (қатысушыларының) бірыңғай және міндетті қағидастарды, олардың тауарларының (жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің) және қызмет түрінің сипаттамасын көп рет пайдалануына арналған талаптарды белгілейтін құжат;

4) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы кәсіптік қауымдастық (бұдан әрі – КҚ) – мамандандырылған қауымдастық ретінде жұмыс істейтін, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы белгілі бір кәсіптің немесе сабақтас мамандықтардың мүдделерін білдіретін, кәсіптік қоғамдастықты басқару және бірлестікке қатысушылардың кәсіптік қызметіне мониторинг жүргізу жөніндегі міндеттемелерді алатын ұйым (бірлестік);

5) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы кәсіптік қауымдастықты аккредиттеу – халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның кәсіптік қауымдастықтың санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға жеке және заңды тұлғаларды аккредиттеу бойынша жұмыстарды орындау құзыреттілігін ресми тану рәсімі.

2-тарау. "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы кәсіптік қауымдастықты аккредиттеу" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі

3. "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы кәсіптік қауымдастықты аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – қауымдастық бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті (бұдан әрі – қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті беруші) қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы көрсетеді.

4. Көрсетілетін қызмет процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын қауымдастық бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы кәсіптік қауымдастықты аккредиттеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талдаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Қауымдастық жөніндегі тізбе) келтірілген.

КҚ жеке және заңды тұлғаларды санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу бойынша аккредиттеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға аккредиттеледі.

Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша берілетін КҚ-ның аккредиттеу туралы куәлігін алу үшін заңды тұлға (бұдан әрі – қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті алушы) қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және Қауымдастық жөніндегі тізбенің 8-тармағына сәйкес құжаттарды кеңсе арқылы жібереді.

5. КҚ-ға аккредиттеу жүргізу мақсатында аккредиттеу жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады, оның құрамы қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті берушінің және мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың өкілдерінен құрылады.

Комиссияның құрамы қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті беруші басшысының, ол болмаған кезде оны алмастыратын адамның шешімімен ресімделеді.

Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ сан, бірақ кемінде жеті адам болады.

Комиссияның төрағасы қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті берушінің басшысы, ол болмаған кезде оны алмастыратын адам болып табылады.

Комиссияның хатшысы қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті беруші қызметкерлерінің қатарынан тағайындалады және комиссия мүшесі болып табылмайды, комиссия жұмысын ұйымдастыруды, комиссия отырыстарын өткізуді дайындауды және өз құзыретінің шегінде өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Аккредиттеу немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешімді комиссия көпшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы қабылдайды және қабылданған шешім хаттамамен ресімделеді.

Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда аккредиттеу жөніндегі комиссия мүшелері өз пікірін отырыстың хаттамасына қоса тіркей отырып, жазбаша түрде баяндайды.

6. Қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері Қауымдастық жөніндегі тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттар мен мәліметтерді тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттар мен мәліметтердің толықтығын тексереді.

7. Қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті алушы құжаттар мен мәліметтердің топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) жарамдылық мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген мерзімде жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкері өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды.

8. Қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері осы Қағидалардың 6-тармағында көзделген рәсімдер жүргізілген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Қауымдастық жөніндегі тізбенің 8-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттар мен мәліметтерді қалыптастырады, оларды Комиссияның қарауына жібереді.

Құжаттарды қарау 10 (он) жұмыс күні ішінде Комиссияның отырысында жүзеге асырылады, нәтижесі бойынша мынадай шешімдердің біреуін қабылдайды:

- 1) қауымдастықты (одақ, бірлестік) аккредиттеу;
- 2) аккредиттеуден бас тарту.

Комиссия осы Қағидаларға 3-қосымшада белгіленген мәліметтер бойынша КҚ-ның аккредиттеу шарттарына сәйкестігіне бағалау жүргізеді.

Комиссия шешімінің нәтижесін Комиссия хатшысы қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті алушыға Комиссия шешім қабылдаған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде жібереді.

9. Комиссияның оң шешімі болғанда қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша КҚ-ны аккредиттеу туралы куәлікті ресімдейді және береді.

10. КҚ-ны аккредиттеу туралы куәлікті беруден дәлелді бас тарту үшін мыналар негіз болып табылады:

1) ұсынылған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның негізінде қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылған, заңды күшіне енген сот шешімінің болуы;

3) қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

4) қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметіне немесе қызметінің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі.

11. Қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті беруші осындай алдын ала шешім туралы, сондай-ақ қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының ол бойынша ұстанымын айту мүмкіндігі туралы қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала хабарлайды.

Хабарламаны қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабына сәйкес көрсетілетін қызмет аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жібереді. Қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей алдын ала шешімге негіздеме ұсынуға және қарсы пікір айтуға мүмкіндігі бар.

Тыңдау жүргізу нәтижесі бойынша қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті беруші КҚ-ны аккредиттеу туралы куәлікті ресімдейді және береді немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты жібереді.

12. КҚ-ны аккредиттеу туралы куәлік бес жыл мерзімге беріледі.

13. КҚ-ны аккредиттеу туралы куәлікті қайта ресімдеу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) куәлікте қателердің (қате жазулардың) анықталуы;

2) қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының қайта ұйымдастырылуы ;

3) қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының орналасқан мекенжайының өзгеруі;

4) қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының атауының өзгеруі;

5) қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының ұйымдық-құқықтық нысанының өзгеруі;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талаптардың болуы.

14. Осы Қағидалардың 13-тармағында көзделген жағдайларда КҚ-ны аккредиттеу туралы куәлікті қайта ресімдеу кезінде қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті алушы куәлікті қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер пайда болған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде тиісті өзгерістер туралы растаушы құжаттар бар өтінішті және КҚ-ны аккредиттеу туралы бұрын берілген куәлікті (түпнұсқаны) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес кеңсе арқылы қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті берушіге ұсынады.

15. Қауымдастық жөніндегі көрсетілген қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері осы Қағидалардың 6-7-тармақтарында көзделген рәсімдерді жүзеге асырады.

Оң шешім болғанда қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті беруші 3 (үш) жұмыс күні ішінде КҚ-ны аккредиттеу туралы бұрын берілген куәлік туралы мәліметтерді міндетті түрде көрсете отырып, КҚ-ны аккредиттеу туралы куәлікті қайта ресімдейді.

16. Қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті беруші растаушы құжаттар берілмеген немесе тиісінше рәсімделмеген жағдайда осы Қағидалардың 13-тармағында көзделген негіздер бойынша бастама жасалған КҚ-ны аккредиттеу туралы куәлікті қайта ресімдеуден бас тартады.

17. КҚ-ны аккредиттеу туралы куәліктің қолданылуы:

- 1) қолданылу мерзімі өткен;
- 2) КҚ қайта ұйымдастырылған немесе таратылған;
- 3) КҚ куәліктің қолданылуын ерікті түрде тоқтату туралы өтініш берген;
- 4) қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметіне немесе қызметінің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайларда тоқтатылады.

18. Қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына беріледі.

Қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының тікелей мемлекеттік қызметті көрсететін қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс-орталығының телефоны арқылы алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша сотқа дейінгі тәртіппен шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті берушіге беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті беруші шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті беруші, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға жібермеуге құқылы.

Егер заңмен өзгеше көзделмеген болса, онда сотқа дейінгі шағымданудан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

3-тарау. "Жеке және заңды тұлғаларды санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға аккредиттеу" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі

19. "Жеке және заңды тұлғаларды санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – аудит бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет) КҚ, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы ведомство (бұдан әрі – аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті беруші) аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы көрсетеді.

20. Қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ аудит бойынша мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын аудит бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес "Жеке және заңды тұлғаларды санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға аккредиттеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Аудит жөніндегі тізбе) келтірілген.

Осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша берілетін санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға аккредиттеу туралы куәлікті (бұдан әрі – аудит жөніндегі куәлік) алу үшін жеке немесе заңды тұлға (бұдан әрі – аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті алушы) аудит жөніндегі

көрсетілетін қызметті берушіге кеңсе арқылы осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және Аудит жөніндегі тізбенің 8-тармағына сәйкес құжаттарды жібереді.

21. Жеке және заңды тұлғаларды санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға аккредиттеуді жүргізу мақсатында құрамы аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті берушінің және мемлекеттік органдардың, үкіметтік емесе ұйымдардың, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың өкілдері қатарынан қалыптастырылатын аккредиттеу жөніндегі КҚ комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) құрылады.

Комиссияның құрамы КҚ басшысының, ол болмаған кезде оны алмастыратын адамның шешімімен ресімделеді.

Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ сан, бірақ кемінде бес адам болады.

Комиссияның төрағасы КҚ басшысы, ол болмаған кезде оны алмастыратын адам болып табылады.

Комиссияның хатшысы КҚ қызметкерлерінің қатарынан тағайындалады және комиссия мүшесі болып табылмайды, комиссия жұмысын ұйымдастыруды, комиссия отырыстарын өткізуді дайындауды және өз құзыретінің шегінде өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Аккредиттеу немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешімді КҚ комиссиясы көпшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы қабылдайды және қабылданған шешім хаттамамен ресімделеді.

Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда аккредиттеу жөніндегі комиссия мүшелері өз пікірін отырыстың хаттамасына қоса тіркей отырып, жазбаша түрде баяндайды.

22. Аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері Аудит жөніндегі тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттар мен мәліметтер тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттар мен мәліметтердің толықтығын тексереді.

23. Аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) жарамдылық мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкері осы Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды.

24. Аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері осы Қағидалардың 22-тармағында көзделген рәсімдер жүргізілген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Аудит жөніндегі тізбенің 8-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттар мен мәліметтерді қалыптастырады, оларды Комиссияның қарауына ұсынады.

Құжаттарды қарау 10 (оң) жұмыс күні ішінде Комиссияның отырысында жүзеге асырылады, оның нәтижесі бойынша мынадай шешімдердің біреуін қабылдайды:

- 1) жеке және (немесе) заңды тұлғаны аккредиттеу;
- 2) аккредиттеуден бас тарту.

Комиссия санитариялық-эпидемиологиялық аудиторлардың аккредиттеу шарттарына осы Қағидаларға 7-қосымшада белгіленген талаптарға сәйкестігіне бағалау жүргізеді.

Комиссия шешімінің нәтижесін Комиссия хатшысы Комиссия шешімі қабылданған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті алушыға жібереді.

25. Комиссияның оң шешімі болғанда аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудит жөніндегі куәлікті ресімдейді және береді.

26. Аудит жөніндегі куәлікті беруден дәлелді бас тартуға мыналар негіз болып табылады:

1) ұсынылған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның негізінде аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылған, заңды күшіне енген сот шешімінің болуы;

3) аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

4) аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметіне немесе қызметінің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі.

27. Аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 26-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті беруші аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті алушыны осындай алдын ала шешім туралы, сондай-ақ ол бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі туралы аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті алушыны алдын ала хабардар етеді.

Хабарламаны аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабына сәйкес көрсетілетін қызмет аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жібереді. Аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей алдын ала шешімге негіздеме беруге және қарсылық білдіруге мүмкіндігі бар.

Тыңдауды өткізу нәтижесі бойынша аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті беруші аудит жөніндегі куәлікті ресімдейді және береді не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жібереді.

28. Аудит жөніндегі куәлік бес жыл мерзімге беріледі.

29. Аудит жөніндегі куәлікті қайта ресімдеу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

- 1) қателердің (қате жазулардың) анықталуы;
- 2) жеке тұлғаның тегінің, атының, әкесінің атының (ол болған кезде) өзгеруі;
- 3) аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының қайта ұйымдастырылуы;
- 4) аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының орналасқан мекенжайының өзгеруі;
- 5) дара кәсіпкер-аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының қайта тіркелуі, оның атауының өзгеруі;
- 6) аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының ұйымдық-құқықтық нысанының өзгеруі;
- 7) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талаптың болуы.

30. Осы Қағидалардың 29-тармағында көзделген жағдайларда рұқсатты қайта ресімдеу кезінде аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті алушы рұқсатты қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер пайда болған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде тиісті өзгерістер туралы растаушы құжаттар бар өтінішті және аудит бойынша бұрын берілген куәлікті (түпнұсқаны) осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес кеңсе арқылы аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті берушіге ұсынады.

31. Аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері осы Қағидалардың 22-23-тармақтарында көзделген осындай рәсімдерді жүзеге асырады.

Оң шешім болғанда аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті беруші 3 (бір) жұмыс күні ішінде бұрын берілген аудит жөніндегі куәлік туралы мәліметтерді міндетті түрде көрсете отырып, аудит жөніндегі куәлікті қайта ресімдейді.

32. Аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті беруші растаушы құжаттар берілмеген немесе тиісінше ресімделмеген жағдайда осы Қағидалардың 30-тармағында көзделген негіздер бойынша бастама жасалған аудит жөніндегі куәлікті қайта ресімдеуден бас тартады.

33. Аудит жөніндегі куәліктің қолданылуы:

- 1) қолданылу мерзімі өткен;
- 2) аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті алушы қайта ұйымдастырылған немесе таратылған;
- 3) аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті алушы куәліктің қолданылуын ерікті түрде тоқтату туралы өтініш берген;

4) аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметіне немесе қызметінің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы сот шешімі заңды күшіне енген;

5) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 49-бабында көзделген қызметті тиісінше жүзеге асырмау фактілерін анықтаған жағдайларда жүзеге асырылады.

34. Аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың жұмыскерлерінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына беріледі.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тікелей мемлекеттік қызмет көрсететін аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны арқылы алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шағымды сотқа дейінгі тәртіппен қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті берушіге беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті беруші шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті беруші, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға жібермеуге құқылы.

Егер заңмен өзгеше көзделмеген болса, онда сотқа дейінгі шағымданудан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

"Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы кәсіптік қауымдастықты аккредиттеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	20 (жиырма) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Х а л ы қ т ы ң санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы кәсіптік қауымдастықты аккредиттеу туралы куәлік не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемнің мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін негізде көрсетіледі.
7	Жұмыс кестесі	Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетілмей кезек тәртібімен көрсетіледі.
		1) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш; 2) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес КҚ мәліметтерінің нысаны; 3) КҚ жарғысының, стандарттарының және КҚ қағидаларының көшірмесі; 4) кәсіптік қауымдастықтың санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын кемінде (бес)

8

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі

субъектісінің жұмыс істеп тұрған мүшелерінің тізімі;

5)

санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізуді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды аккредиттеуге тартылған комиссия мүшелерінің тізімі және санитариялық-эпидемиологиялық аудит қызметі бойынша кемінде үш жұмыс тәжірибесін растайтын Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес құжаттардың көшірмелері;

6) комиссия мүшелерінде х а л ы қ т ы ң

санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы жоғары біліктілік санаттың болуын растайтын құжаттардың көшірмелері;

7) соңғы 3 (үш) жылда біліктілікті арттыру бойынша оқуды растайтын комиссия мүшелері құжаттарының көшірмелері;

8) аккредиттеу туралы куәліктің қолданылу кезеңіне арналған жұмыс жоспары (аккредиттеу мәселелері бойынша оқытудан өту , конференцияларға қатысу, оның ішінде жеке және заңды тұлғаларды аккредиттеу мәселелері бойынша түсіндіру жұмысы).

9

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер

11) ұсынылған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның негізінде қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылған, заңды күшіне енген сот шешімінің болуы;

3) қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың,

		<p>деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>4) қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметіне немесе қызметінің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі.</p>
10	<p>Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де талаптар</p>	<p>1. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары gov.egov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.</p> <p>2. Физикалық мүмкіндіктері шектеулі көрсетілетін қызметті алушыларға қызмет көрсету үшін жағдайлар қарастырылған, ғимараттарға кіру пандустармен жабдықталған, шақыру түймелері бар.</p> <p>2. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: gov.egov.kz интернет-ресурсында көрсетілген.</p>

Халықтың
санитариялық-эпидемиологиялық
саламаттылығы саласындағы
аккредиттеу қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Елтаңба

**Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы кәсіптік қауымдастықты
АККРЕДИТТЕУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК**

___ берілді.

(ұйымның атауы)

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің негізінде санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу бойынша жеке және заңды тұлғаларды аккредиттеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға аккредиттеліп, аккредиттеу туралы куәлік 20 ___ жылғы " ___ " _____ дейін 5 (бес) жыл мерзімге берілді.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының басшысы

(колы) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Мөр орны

Куәліктің берілген күні

20 ____ жылғы " ____ " _____

Тіркеу № _____

_____ қаласы

Халықтың
санитариялық-эпидемиологиялық
саламаттылығы саласындағы
аккредиттеу қағидаларына
3-қосымша

Нысан

Санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу бойынша жеке және заңды тұлғаларды аккредиттеуді жүргізуге үміткер КҚ мәліметтерінің нысаны

1. Заңды мекенжайы _____

2. Заңды тұлғаның КҚ мемлекеттік тіркеу туралы құжатының нөмірі мен күні _____

3. Веб-сайттың бар болуы туралы мәліметтер (атауы)

4. КҚ құрылтайшыларының және (немесе) мүшелерінің тізімі

р/с №	КҚ мүшелері субъектілерінің атауы	Дара кәсіпкер, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер	Санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу жөніндегі қызметтің басталғаны туралы хабарлама	Санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу жөніндегі қызмет кезеңі
-------	-----------------------------------	---	---	---

5. Комиссияға тартылған және аккредиттеу бойынша сарапшылардың тізімі

р/с №	Т.А.Ә. (бар болса)	Диплом бойынша мамандануы	Мамандығы бойынша еңбек өтілі	Санитариялық-эпидемиологиялық аудитор ретіндегі жұмыс кезеңі, ұйым	Денсаулық сақтау саласындағы маман сертификаты туралы мәліметтер (растаушы құжаттың нөмірі, берілген күні)	Соңғы 3 (үш) жылда біліктілікті арттыру бойынша оқыту (күні, сағат саны)
-------	--------------------	---------------------------	-------------------------------	--	--	--

Халықтың
санитариялық-эпидемиологиялық
саламаттылығы саласындағы

Нысан

Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы кәсіптік қауымдастықты аккредиттеу туралы куәлікті қайта ресімдеу үшін өтініш

_____ -ға
(мемлекеттік органның толық атауы)

_____ -дан
(толық атауы, орналасқан жері, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

_____ (қызмет түрінің және (немесе) қызметтің кіші түрінің (түрлерінің) толық атауы) жүзеге асыруға берілген 20__ жылғы "_____" _____ № _____ аккредиттеу туралы куәлікті қайта ресімдеуді сұраймын.

Мынадай негіз (негіздер) бойынша (тиісті ұяшықта X көрсетіңіз):

1) куәлікте қателердің (қате жазулардың) анықталуы _____

2) қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының қайта ұйымдастырылуы _____

3) қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының орналасқан мекенжайының өзгеруі _____

4) қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының атауының өзгеруі _____

5) қауымдастық жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының ұйымдық-құқықтық нысанының өзгеруі _____

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талаптардың болуы _____

Заңды тұлғаның мекенжайы _____

_____ (почталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көшенің атауы, үйдің/ғимараттың нөмірі)

Электрондық почта _____

Телефондар _____

_____ парақ қоса беріледі.

Осы өтініш арқылы мыналар расталады:

1) барлық көрсетілген деректер ресми байланыстар болып табылады және оларға КҚ аккредиттеу туралы куәлікті беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болады;

2) өтініш иесіне қызметтің осы түрімен айналысуға сотпен тыйым салынбаған;

3) қоса берілген барлық құжаттар шындыққа сәйкес келеді және жарамды болып табылады;

4) өтініш иесі КҚ-ны аккредиттеу туралы куәлікті беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімдігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісім береді.

Басшы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Толтырылған күні: 20 жылғы " _____ "

Халықтың
санитариялық-эпидемиологиялық
саламаттылығы саласындағы
аккредиттеу қағидаларына
5-қосымша

"Жеке және заңды тұлғаларды санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға аккредиттеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Х а л ы қ т ы ң санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы ведомство аккредиттеген кәсіптік қауымдастық (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	20 (жиырма) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	аккредиттеу туралы куәлік не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемнің мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін негізде көрсетіледі.
		Жұмыс кестесі көрсетілетін қызметті берушінің; Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы

7	Жұмыс кестесі	қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетілмей кезек тәртібімен көрсетіледі.
8	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	<p>1) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;</p> <p>2) персонал туралы мәліметтерді растайтын құжаттың көшірмесі;</p> <p>3) жеке тұлғалардың және (немесе) заңды тұлға қызметкерлерінің білімі туралы дипломның көшірмесі;</p> <p>4)) санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу жөніндегі қызметке тартылған қызметкерлердің тізімі (ЭҰШ-да қызметкерлердің бейіндері және еңбек шарттарын есепке алу туралы мәліметтер болмаған жағдайда);</p> <p>5) соңғы бес жыл ішінде мамандығы бойынша санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізуге тартылған қызметкерлердің біліктілігін арттыруды растайтын құжаттардың көшірмелері;</p> <p>6)) санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу жөніндегі қызметке тартылған қызметкерлердің біліктілік санатын растайтын құжаттардың көшірмелері.</p>
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) ұсынылған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;</p> <p>2) аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның негізінде аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылған, заңды күшіне енген сот шешімінің болуы;</p> <p>3) аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған</p>

		<p>материалдардың, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>4) аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті алушыға қатысты қызметіне немесе қызметінің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі.</p>
10	<p>Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де талаптар</p>	<p>1. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары gov.egov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.</p> <p>2. Физикалық мүмкіндіктері шектеулі көрсетілетін қызметті алушыларға қызмет көрсету үшін жағдайлар қарастырылған, ғимараттарға кіру пандустармен жабдықталған, шақыру түймелері бар.</p> <p>3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында көрсетілген.</p>

Халықтың
санитариялық-эпидемиологиялық
саламаттылығы саласындағы
аккредиттеу қағидаларына
6-қосымша

Нысан

(халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы аккредиттеуші ұйымның атауы)

**Санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға
АККРЕДИТТЕУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК**

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 25-бабының негізінде

жеке немесе заңды тұлғаның толық атауы

Қазақстан Республикасының аумағында 20____ жылғы " ____ " _____ дейін
5 (бес) жыл мерзімге санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу бойынша
аккредиттелген деп танылады.

Басшы _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Қолы _____

Мөр орны

Куәліктің берілген күні 20 ____ жылғы " ____ " _____

Тіркеу № _____

_____ қаласы

Халықтың
санитариялық-эпидемиологиялық
саламаттылығы саласындағы
аккредиттеу қағидаларына
7-қосымша

**Санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға үміткер
жеке және заңды тұлғаларды аккредиттеу үшін біліктілік талаптары**

	Талаптар	Көрсеткіш
1	Ш т а т т а санитариялық-эпидемиологиялық бейіндегі жоғары медициналық білімі бар мамандардың болуы	кемінде 5 маман
2	Мамандардың халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы органдар мен ұйымдардағы жұмыс тәжірибесі	кемінде он жыл
3	Денсаулық сақтау саласындағы маман сертификаты туралы мәліметтер	жалпы гигиена, эпидемиология бойынша
4	Соңғы 5 жылда санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу жөніндегі қызметке тартылған қызметкерлерді оқыту: аудиторлық қызметтің жалпы мәселелері бойынша: - жалпы гигиена мәселелері бойынша; - эпидемиология мәселелері бойынша	әр мамандық бойынша кемінде 60 сағат

Халықтың
санитариялық-эпидемиологиялық
саламаттылығы саласындағы
аккредиттеу қағидаларына
8-қосымша

Санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға аккредиттеу туралы куәлікті қайта ресімдеу үшін өтініш

_____ -ға
(халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы
ведомство аккредиттеген ұйымның толық атауы)

_____ -дан
(жеке немесе заңды тұлғаның толық атауы, орналасқан жері (заңды тұлғаның
бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

_____ (қызмет түрінің және (немесе) қызметтің кіші түрінің (түрлерінің) толық атауы)
жүзеге асыруға берілген 20__ жылғы " ____ " _____ № _____
аккредиттеу туралы куәлікті қайта ресімдеуді сұраймын.

Мынадай негіз (негіздер) бойынша (тиісті ұяшықта X көрсетіңіз):

- 1) қателердің (қате жазулардың) анықталуы _____
- 2) жеке тұлғаның тегінің, атының, әкесінің атының (ол болған кезде) өзгеруі _____
- _____ 3) аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының қайта ұйымдастырылуы _____
- _____ 4) аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының орналасқан мекенжайының өзгеруі _____
- _____ 5) дара кәсіпкер-аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының қайта тіркелуі, оның атауының өзгеруі _____
- _____ 6) аудит жөніндегі көрсетілетін қызметті алушының ұйымдық-құқықтық нысанының өзгеруі _____
- _____ 7) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талаптың болуы

_____ Жеке немесе заңды тұлғаның мекенжайы _____

_____ (почталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көшенің атауы, үйдің/
ғимараттың

нөмірі)

Электрондық почта _____

Телефондар _____

_____ парақ қоса беріледі.

Осы өтініш арқылы мыналар расталады:

1) барлық көрсетілген деректер ресми байланыстар болып табылады және оларға аккредиттеу туралы куәлікті беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болады;

2) өтініш иесіне қызметтің осы түрімен айналысуға сотпен тыйым салынбаған;

3) қоса берілген барлық құжаттар шындыққа сәйкес келеді және жарамды болып табылады;

4) өтініш иесі аккредиттеу туралы куәлікті беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімдігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісім береді.

_____ (қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Толтырылған күні: 20 жылғы " _____ " _____

Халықтың
санитариялық-эпидемиологиялық
саламаттылығы саласындағы
аккредиттеу қағидаларына
9-қосымша

Нысан

Халықтың
санитариялық-эпидемиологиялық
саламаттылығы саласындағы уәкілетті
орган ведомствосының басшысы

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Өтініш

_____ (заңды тұлғаның толық атауы)

санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу бойынша жеке және заңды тұлғаларды аккредиттеуді жүзеге асыру үшін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы аккредиттеуші орган ретінде аккредиттеуді сұраймын.

Ұйым туралы мәліметтер:

1. Меншік нысаны: _____

2. Құрылған жылы: _____

3. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (анықтама)

_____ (№, кім және қашан берді)

4. Мекенжайы: _____

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің №, телефон, факс)

5. Қоса берілетін құжаттардың тізімдемесі _____

Ұйымның басшысы: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы)

Байланыс деректері: _____

(электрондық почта, жұмыс және ұялы телефондар)

Осы өтініш арқылы мыналар расталады:

1) барлық көрсетілген деректер ресми байланыстар болып табылады және оларға КҚ аккредиттеу туралы куәлікті беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болады;

2) өтініш иесіне қызметтің осы түрімен айналысуға сотпен тыйым салынбаған;

3) қоса берілген барлық құжаттар шындыққа сәйкес келеді және жарамды болып табылады;

4) өтініш иесі КҚ-ны аккредиттеу туралы куәлікті беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімдігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісім береді.

Күні 20__ жылғы "____" _____.

Өтініш 20 _____ жылғы "____" _____ қарауға қабылданды.

_____ (өтінішті қабылдаған жауапты адамның қолы, тегі)

Халықтың
санитариялық-эпидемиологиялық
саламаттылығы саласындағы
аккредиттеу қағидаларына
10-қосымша

Нысан

Халықтың
санитариялық-эпидемиологиялық
саламаттылығы саласындағы уәкілетті
орган
ведомствосының басшысы

(халықтың
санитариялық-эпидемиологиялық
саламаттылығы саласындағы
аккредиттеуді
жүзеге асыратын кәсіптік
қауымдастықтың
толық атауы)

Өтініш

(заңды тұлғаның толық атауы)

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыруға аккредиттеуді сұраймын.

Ұйым туралы мәліметтер:

1. Меншік нысаны: _____
2. Құрылған жылы: _____
3. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (анықтама)

(№, кім және қашан берді)

4. Мекенжайы: _____
(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің №, телефон, факс)

5. Қоса берілетін құжаттар _____

Ұйымның басшысы: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Күні 20__ жылғы " ____ " _____

(өтінішті қабылдаған жауапты адамның қолы, тегі, аты әкесінің аты (бар болса)

Осы өтініш арқылы мыналар расталады:

1) барлық көрсетілген деректер ресми байланыстар болып табылады және оларға аккредиттеу туралы куәлікті беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болады;

2) өтініш иесіне қызметтің осы түрімен айналысуға сотпен тыйым салынбаған;

3) қоса берілген барлық құжаттар шындыққа сәйкес келеді және жарамды болып табылады;

4) өтініш иесі аккредиттеу туралы куәлікті беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімдігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісім береді.